

**Тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында экспорттаушыларды тауарды әкелу елдерінің цифрлық жүйелерінде тіркеудің негізділігін верификациялауды (тексеруді) жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 358-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 28 мамырда № 22851 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 7-4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында экспорттаушыларды тауарды әкелу елдерінің цифрлық жүйелерінде тіркеудің негізділігін верификациялауды (тексеруді) жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция министрі*

*Б. Сұлтанов*  
Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция  
министрінің  
2021 жылғы 25 мамырдағы  
№ 358-НҚ бұйрығымен  
бекітілген

**Тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында экспорттаушыларды тауарды әкелу елдерінің цифрлық жүйелерінде тіркеудің негізділігін верификациялауды (тексеруді) жүзеге асыру қағидалары**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында тауар әкелу елдерінің цифрлық жүйелерінде экспорттаушыларды тіркеудің негізділігін верификациялауды (тексеруді) жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 7-4) тармақшасына сәйкес әзірленді және тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында тауар әкелу елдерінің цифрлық жүйелерінде экспорттаушыларды тіркеудің негізділігін верификациялауды (тексеруді) жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – сауда саясатын қалыптастыратын және сауда қызметі саласындағы басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) уәкілетті ұйым – тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында тауарды әкелу елдерінің цифрлық жүйелерінде экспорттаушыларды тіркеуді жүзеге асыратын "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тарау. Тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында экспорттаушыларды тауарды әкелу елдерінің цифрлық жүйелерінде тіркеудің негізділігін верификациялауды (тексеруді) жүзеге асыру тәртібі**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында уәкілетті орган тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында тауарды әкелу елдерінің цифрлық жүйелерінде (

бұдан әрі – REX жүйесі) экспорттаушыларды тіркеудің негізділігін верификациялауды (тексеруді) жүзеге асырады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Верификация (тексеру) Норвегия Корольдігінен, тауарды әкелу елінің Швейцария Конфедерациясынан уәкілетті органға келіп түскен ресми сұрау салулар негізінде жүзеге асырылады.

5. Верификация (тексеру) жүргізу мерзімі уәкілетті органға сұрау салулар келіп түскен кезден бастап 30 (отыз) жұмыс күннен аспайды.

6. Уәкілетті орган верификация (тексеру) жүргізу үшін Еуропалық комиссияның веб-сайтындағы REX жүйесінде тіркеледі.

Еуропалық комиссияның веб-сайтына кіру уәкілетті органның жеке логині мен паролі арқылы жүзеге асырылады.

7. Уәкілетті орган экспорттаушыны тіркеудің негізділігіне сұрау салу келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 244-НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22437 болып тіркелген) тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында тауарды әкелу елдерінің цифрлық жүйелерінде экспорттаушыларды тіркеу қағидаларында көзделген экспорттаушының тіркеу нөмірін алуға өтініштің көшірмесін ұсыну үшін уәкілетті ұйымға сұрау салу жібереді, сондай-ақ экспорттаушыларды REX жүйесінде тіркеу үшін негіз болған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 8 шілдедегі № 257 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9665 болып тіркелген) бекітілген тауардың шығарылуын растайтын құжаттар тізбесіне (бұдан әрі – құжаттар) сәйкес құжаттардың көшірмелерін қоса береді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Уәкілетті ұйым сұрау салу келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сұрау салынған құжаттарды уәкілетті органға жібереді.

9. Уәкілетті орган құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде құжаттардағы, сондай-ақ REX жүйесіндегі деректердің толықтығын және дұрыстығын верификациялауды (тексеруді) жүзеге асырады.

10. Верификация (тексеру) нәтижелері бойынша уәкілетті орган 7 (жеті) жұмыс күні ішінде REX жүйесінде верификация (тексеру) нәтижелерін көрсете отырып,

экспорттаушыларды тіркеудің негізділігін верификациялау (тексеру) туралы қорытындыны қалыптастырады.

Экспорттаушы дамушы және ең аз дамыған елдерден шығарылатын тауарларға қатысты Норвегия Корольдігі, Швейцария Конфедерациясы ұсынатын преференциялардың бас жүйесінің шарттарына сәйкес келмеген, экспорттаушы REX жүйесінде тіркеу кезінде өзіне алған міндеттемелерді сақтамаған және экспорттаушы өз қызметін тоқтатқан жағдайда уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күні ішінде экспорттаушының REX жүйесінде тіркелуін кері қайтарып алу үшін уәкілетті ұйымға өтініш жібереді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК